

Құрман орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында 1 сыныппен жүргізілетін тәрбие жұмысының талдауы

2023-2024 оқу жылында 1 сыныпқа 10 оқушы қабылданды. Оның 8-і ұл бала, -2-і қыз бала. Сынып жетекшісі Қуанышева Мөлдір Саматқызы.

2023-2024 оқу жылындағы 1-сынып тәрбие жұмысының басты мақсаты – оқушылардың адамгершілік, патриоттық және әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыру болып табылады. Оқушылардың мектепке бейімделуіне көмектесу, ұжымда жұмыс істеу дағдыларын дамыту және дұрыс қарым-қатынас орнату маңызды болып саналады.

Жыл бойы сыныпта әртүрлі шаралар өткізілді: мектепшілік іс-шаралар, тәрбие сағаттары, сынып жетекшісімен жеке әңгімелер, ата-аналармен бірлескен жұмыс. Балалардың өзара қарым-қатынас жасау дағдылары, достық қарым-қатынастарын қалыптастыру, сыйластық, достық, адалдық секілді қасиеттерді дамыту бойынша шаралар қабылданды.



Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, Қазақстан тарихын білу және мемлекеттік тілге деген құрмет көрсетуге бағытталған іс-шаралар өтті.

Оқушылардың мәдени дамуына және рухани байлықтарын қалыптастыруға арналған шаралар ұйымдастырылды. Балаларды кітап оқуға қызықтыру мақсатында кітапханаға саяхат жасадық.

Оқушылардың денсаулығын сақтау және қауіпсіздік ережелерін сақтау бағытында көптеген жұмыстар жүргізілді. Спорттық шаралар, дене шынықтыру сабақтары және денсаулық күндері өткізілді. Балалардың мектептегі қауіпсіздігі басты назарда болды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»

8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»

9. «9 ай-9 іс-шара»

10. «Ата-аналар мектебі»

1 қыркүйек-білім күніне арналған «Мектебім - мейірім мекені. Сәлем - сөздің анасы" атты алғашқы сабағы өтті.

Жалпы жыл бойына сыныпта жүзеге асырылатын жобалар негізінде "Менің Отаным Қазақстан", " Қыздарға әсемдік жарасады", «Қарттарым асыл қазынам», "Әдептілік - әдемілік", " Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ", " Бала – болашағың", " Мейірімділік керуені", "Тәуелсіздігім - бақытым", " Зиянды әдеттерден аулақ бол" атты тәрбие сабақтары өтті. 25 мамыр соңғы қоңырау салтанатына " Білімім - Отаныма" атты сынып сағаты өтті.



Сонымен қатар, «Ата-аналармен жұмыс жоспарына сәйкес ата-аналармен түрлі форматта жиналыстар өткізілді

Тәрбие бағыттары бойынша сынып сағаттары уақытында өткізілді. Биылғы оқу жылындағы тәрбие жұмысының өту барысы қанағаттанарлық.

Сынып жетекшісі: М.С Қуанышеваа